

Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №5

О.Әлібаев ЖББМ

23.05.2022 ж.

Төрайымы: Ибраева А (ата-ана)

сағ.10⁰⁰

Хатшы: Д.Ауданбай (әлеуметтік педагог)

Қатысқандар: Алин Д.Г- мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-

Күржікова А.К (ата-ана)

Оспанова Г (ата-ана)

Жанпейісова Б.С (ата-ана)

Байбагісова И (ата-ана)

Кожамуратова Ж (ата-ана)

Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана)

Махатова А (ата-ана)

Бекмаханова Ж (ата-ана)

Күн тәртібінде:

1. 2021 -2022 оқу жылындағы «Қамқоршылық» кеңес жұмысының жылдық қорытындысы.

Мектеп директоры Д.Г.Алин.

2. Оқушылардың жазғы демалысының ұйымдастырылуы.

Н.Б.Желибаева

Тыңдалды:

Сөйледі 1.1: мектеп директоры- Д.Г.Алин

Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алып, биылғы оқу жылында «Жалпыға бірдей оқу айлығы», «Қамқорлық» акциясы барысында көрсетілген көмек есебі жайлы тоқталды. Тамыз айынан бастап күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Шілде айының басында Ш.Ералиев ауылының О.Әлібаев атындағы ЖББ мектеп әкімшілігімен бірлесіп «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылған іс-шаралар жоспары құрылып, хабарлама парақшалары ілінді. Жоспар бойынша көпбалалы, аз қамтылған, толық емес, қамқорлықтағы балалары бар отбасыларға рейд жасалынды. Тұрмысы аз қамтылған, жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету үшін акцияға қатысушыларға арнайы хабарламалар жолданды. 5 отбасынан шыққан 11 оқушының 4-еуіне материалдық, 7 оқушыға бір реттік қаржылай көмекке мұқтаждығы анықталып тізімі жасалды. Бір отбасынан шыққан 4 оқушы киім-кешекпен қамтылса, 7 оқушыға әрқайсына 30 000 теңге көлемінде бір реттік қаржылай көмек берілді. Тамақтану бойынша 1-4 сыныптар және аз қамтылған отбасыларынан шыққан 9 оқушы бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылды. Аудандық білім бөліміне «Жарқыра, жайна жаңа жыл-Тәуелсіз қазақ елінде» атты балаларға арналған аудан әкімі шыршасына оқушыларды қатыстыру туралы сұраныс жасалды. Сұранысқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан 2 оқушы және 2 үздік, белсенді оқушы ұсынылды. Әлемдік індетке байланысты сыйлықтары жеткізіліп, мектеп ғимаратында құттықтау сөзімен салтанатты түрде тәттісімен сыйлықтары табыс етілді. Биылғы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында 4 белсенді ата-ана Аудандық білім бөлімі алғыс хатымен марапатталды. Ата-аналар тарапынан безендіру жұмыстарына 97500 тг және кабинеттерге перде алуға 43500 тг, жекелей мұғалімдердің тарапынан безендіру жұмыстарына 45630 тг, жекелей кабинеттерге перде, арнайы стенд, құрылғылар алуға 39800 тг, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында ата-аналар тарапынан демеушілік жасалып 30 білім алушыларға 98000 теңгеге арнайы киім тіктірілді. Биылғы 11 сынып түлектері атынан мектепке 38000 тг ағаш отырғызылды. Акт залының орындығы қайта жөндеуден өткізіліп, 250000 тг түлектердің ата-аналары, 100000 тг мектепұстаздары демеушілігімен жасалды және 5 жылдық түлектер 181000 тг линолеум сыйлады. 256500 тг мектебіміздің дәлізіне бөлме гүлдері ата-аналардың демеушілігімен алынды. 3200000 тг 30 жылдық түлектердің тартуымен мектеп жанына ойын алаңы орнатылды. 15 жылдық түлектер 195000 тг бүлдіршіндерге ойыншықтар сыйға тартылды. Балалар жылына орай өткізілген 1 маусым Балаларды қорғау күні іс-шарасына ауыл әкімшілігі тарапынан 70 мадақтама, 70 сыйлық 20000 теңгеге, 100 балмұздақ таратылды. Тарихи өлкетану слеті іс-шарасына келген қонақтар мен оқушыларға мұғалімдер тарапынан 122000 тг, ауыл азаматтары, ата-аналар тарапынан 162000 тг демеушілік жасалып, іс-шара өткізілді.

Сөйледі 2.1:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Н.Б.Желибаева

Биылғы оқу жылында оқушылардың жазғы демалысының ұйымдастыру мақсатында жазғы мектеп, мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңы 2 маусымда, 35 оқушыға ашылатын болады. 5-10 сыныптар аралығында жазғы практика ұйымдастырылып, оқушылар кабинеттердегі, дәліздегі гүлдерді, мектеп маңайындағы отырғызылған ағаш, гүлдерді суарып, еңбекке баулу жұмыстары өткізіледі.

Сөз алғандар: Кожамуратова Ж (ата-ана)

Мектеп тарапынан аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар басты назарда және тиісті шаралар үнемі уақытылы ұйымдастырылып отырады.

Қаулы етілді:

1. Қамқоршылық кеңесінің жоспар бойынша жұмысын жүзеге асыруға әр кеңес мүшесі атсалысын.
2. Оқушылардың жазғы демалысының жоспарға сай өтілуіне, ата-аналарға ақпараттандыру жұмыстарына атсалысу кеңес мүшелеріне міндеттелінсін.

Кеңес мүшелері:

Күржікова А.К

Кожамуратова Ж

Исатаев О.К

Байбагісова И

Махатова А

Бекмаханова Ж

Жанпейісова Б.С

Оспанова Г.М

Төрайымы:

Хатшы:

А.Ибраева

Д.Ауданбай

